



# ИУДАИЗМ, ХРИСТИАНДЫҚ ЖӘНЕ ИСЛАМДАҒЫ 4000 ЖЫЛДЫҚ ІЗДЕНІС: ҚҰДАЙТАНУ БАЯНЫ

Реформация дәуірі



**Дәрістің мақсаты:** мұсылмандар, яхудейлер және христиандар санасында болған өзгерістер, сонымен қатар, протестанттықтың пайда болуы мен салдары туралы білу.

**Сабақтың негізгі терминдері:** Ренессанс, индульгенция, Реформация, протестантизмді қалау.

«Испанияның күйреуі еврейлерге сұмдық қатер төндірді. Гранаданы жаулаған соң бір-неше аптадан кейін, 1492 жылдың наурыз айында христиан монархтары еврейлерге «не шоқынасыңдар, не қуыласыңдар» деген шарт қойды. Испаниядағы еврейлердің көпшілігінің өз қоныстарына бауыр басып кеткендері соншалық, христиан дініне өтті; бірақ кейбіреулері өз сенімдерін құпия түрде ұстана берді: мұсылмандығын тастаған морискілер (маврлар) секілді, жолдан тайған еврейлерді де инквизиция соты дін бұзарлардың қатарына қосып, қудалауға ұшыратты.

Барлық үш ислам империясы мәдени дамуға қол жеткізді. Бірақ Сефехид әулетінің негізін қалаушы Шах Исмаил сүнниттікті жер бетінен жойғысы келді және сол заман үшін керемет қатыгездікпен өз қарамағындағыларға шииттікті таңуға тырысты. Әрине, Оттоман империясы бұл жайтқа шииттерді қудалаумен жауап берді.

## Католиктегі реформация – Батыстағы құбылыс

1511 жылы 28 жастағы неміс діни қызметкер мен монах, бай болып кеткен шаруа адамының ұлы Мартин Лютер қызметіне қатысты істермен Римге, Ватиканға келеді. Лютер Еуропаның астанасындағы дінбасылардың бұзақылығын көріп, таңғалады. Шынында да, папа сарайының ғасырлар бойы моральдық деңгейде өмір сүруі, ежелгі Римнің құлдырау тұсындағы өмірінен айырмашылығы жоқ еді. Папалардың, кардиналдардың, епископтардың арасында оқтын-оқтын люилар кездесіп қалатын. Бірақ жалпы алғанда салтанатты өмір, сыбайлас жемқорлық, құпия қастандық және инцест некеден және өмірдің қалауларынан бас тартқандар үшін қалыпты жағдайға айналған еді. «Тақтар ойыны» – Ватиканның шындықтарымен салыстырғанда балалар ертегісі болып табылады.

Протестанттар, католиктер секілді сиқыршылар мен мыстандарды сатана деп санады, азаптау арқылы Шайтанмен байланыстарын мойындатты және мыңдаған адамды қырып салды. Бірнеше ғасыр өткен соң орта ғасырлар бізге қараңғы болып елестейді. Алайда инквизицияның шарықтау шегі, еретиктермен күрес, «шайтандарды аулау», инквизиция азабы, жаппай өлім тек орта ғасырда ғана емес, бұл қайта өрлеу мен реформация кезінде де өз жалғасын тапты.

Қайта өрлеу немесе Ренессанс (фр. Renaissance, итал. Rinascimento) – XIV-XVI ғғ. католиктік Еуропаның мәдениетінің гүлденуі, гуманизм мен зайырлы мәдениет дамуы, көне өнерге қызығушылық оянып, ұлттық әдеби тіл т.б. құрылу.

Индульгенция – күнәларды кешіру туралы Рим Папасы атынан шіркеудің ерекше төлем үшін беретін католиктік христиандықтағы грамота.

Реформация – католик шіркеуі мен папа билігіне қарсы кең діни және қоғамдық-саяси қозғалыс.

Протестантизм – христиандықтағы православия мен католицизмнен кейінгі Реформация нәтижесінде пайда болған үшінші ірі ағым.

Протестанттық қалауы: «қалаудың» библиялық түсінігі (Құдай адамға) М. Лютердің айтуы бойынша «шұғылдану».

## Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар

1. Сикхизм деген не?
2. Неге К. Армстрог Цвингли сенімін исламмен салыстырады?



3. Алдын ала айқындауды Кальвин қалай қарастырды және неге көптеген пуритандар күйзеліске түсті?
4. Протестанттықтың түрлі бағыттары – кальвинизм, цвинглиандық, анабаптизм немесе англикандық лютерандылық несімен ерекшеленеді?
5. Игнатий Лойола и және иезуиттер ордені туралы пікір бөлісіңіздер.

### Бақылау сұрақтары

1. Маррандар және морискилер кімдер?
2. Ренессанс дегеніміз не?
3. XV–XVII ғғ. каббала неліктен жалпыхалықтыққа айналды?
4. Ұлы Моғолдар әулетінен шыққан Ақбар қандай діни саясатты ұстанды?
5. Сикхтер деген кімдер?
6. Реформация деген не? Протестантизм? Оны кім басқарды?
7. Мартин Лютер неге қарсы шықты және бұрынғы христиандықтағы немен келісті?
8. Мартин Лютер бойынша қалау деген не?
9. Христиандықтағы әулиелер культіне протестанттар қалай қарады?
10. «Сиқыршы әйелдерге аңшылық» деген сөзді қалай түсінесіз? Протестанттардың оларға деген көзқарасы қандай болды?